



ӘОЖ 94:303.446.4(574)

ҒТАХР 03.20

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).178

**Ибрагимов М.А.*, Исмаилов С.С., Айтмухамбетов А.А,
Жандаулетов Т.Т.**

**А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті,
Қостанай, Қазақстан**

***Корреспондент- авторы: mansur_2411@mail.ru**

E-mail: mansur_2411@mail.ru, ismailov_7777@mail.ru, aidar_abaivi4@mail.ru
tobol_804@mail.ru

ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕПОРТАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХНАМАСЫ

Аңдатпа. Көрсетілген мақалада ХХ ғасырдың 30-50-жылдарындағы Кеңестік биліктің жаппай халықтарды Қазақстанға депортациялау мәселесінің тарихнамасы қарастырылған. Мақаланы жазу кезінде үлкен қызығушылық танытып, отандық және шетелдік ғалымдар мен зерттеушілердің ғылыми еңбектері қолданылып талдау жасалды. Зерттеу барысында қуғынға ұшыраған халықтардың географиялық орналасуы, әлеуметтік-құқықтық жағдайы, олардың жергілікті жерге бейімделуі талданып, тақырыптың негізгі өзектілігіне негізделді. Сондай-ақ тарихи деректерді сипаттау және талдау мақсатында материалдарды кезеңдерге бөлу тәсілдері қолданылды. Зерттеу жұмысының мақсаты – депортация тақырыбындағы материалдармен танысып, арнайы жер аударылған халықтардың тағдыры, бейімделуін, қолданылған материалдарға талдау жасау. Арнайы қоныстанушылар бұл – Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен күштеп көшірілген әртүрлі ұлт өкілдері болатын. Қазақстан аумағына қоныс аударғандардың саны туралы деректердің жүйесіздігі, халықты есепке алу әдістерінің жетілмегендігі немесе мүлде болмауы – Қазақстан аумағына нақты қанша адам келгенін анықтауға мүмкіндік бермейді. Жаппай депортациялар өңірдің демографиялық жағдайын өзгертіп қана қоймай, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық дерлік саласына әсер етті. Қазақстан жері еріксіз түрде әртүрлі халықтар үшін түрмеге айналды. Мақалада бұл зерттеуге терең талдау жасалды. Бұл еңбек отандық тарих мәселелеріне қызығушылық танытатын кең ауқымды зерттеушілерге бағыт береді.

Кілт сөздер: Халық, депортация, қуғын-сүргін, Орталық Қазақстан, география, бейімделу, құқық, кавказ, неміс халқы, мұрағат, еңбек.

Кіріспе

Кеңес одағы құрылған сәттен бастап, тарих қатпарлары алуан-түрлі оқиғаларға толы болды. Сондай оқиғалардың бірі халықтарды туған өлкесінен



күштеп жер аудару саясаты белең алуы. Жекелеген бір топ өкілдер (қоғам қайраткерлері, дінбасылар, партия мүшелері, комсомол қызметкерлері) ғана емес, тұтастай халықты, ұлтты саяси сенімсіздер тізіміне жатқызып жазалауға көшті. Бұл жазалау түрі депортациялау еді. Депортацияға ұшыраған халықтардың басым бөлігін әдетте Қазақстан аумағына қоныстандырды. Халықтарды жаппай қуғындау КСРО-да сталиндік қуғын-сүргіннің белгілі бір түрі болып табылды. Депортацияның негізгі белгілері арнайы қоныстанушыларды соттан тыс, мәжбүрлі және әлеуметтік қауіпті сипата халықтың бір бөлігін жағрапиялық тұрғыдан таныс емес, шалғай, ділі мен мәдениеті ұқсас келмейтін мекенге көшу болды.

Қазақстан аумағына күшпен қоныс аударылған халықтардың жан-жақты қырларын объективті зерттеу – қазақстандық қоғамның бірігуіне және жалпыұлттық бірліктің негіздерін нығайтуға ықпал ете алады. Кеңес дәуірінде бұл трагедия мемлекеттік құпия болып келді. Барлық құжаттар мен деректер қатаң сақталды. Тарих парақтарын атқара келе тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақыттарда, кеңес одағы кезеңіндегі халықтарды депортациялау мен жаппай қуғын-сүргінді зерттеуге назар аударып келеді. Бұл тақырыпты жүйелі, жан-жақты және терең зерттеу қажеттігі мемлекеттік жоғары деңгейде көтерілді. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2020 жылғы 24-қарашадағы №456 Жарлығына сәйкес «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия» құрылып, елімізде саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық құқықтық және саяси тұрғыда ақтау үшін республикалық және өңірлік жұмыс топтары жасақталды.

Бұл тақырып қазіргі уақытта өз өзектілігін жойған жоқ. Депортация тарихын зерттеу қызықты әрі ауқымды дереккөздерді талап ететін күрделі процестен тұрады. Кейбір материалдар әлі күнге дейін ғылыми айналымға енгізілмеген, ал депортация ауқымын толық бағлау әлі алда.

Халықтарды депортациялау үш бағытта жүрген болатын. Біріншісі – жоспарлы түрде яғни, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезіндегі өнеркәсіп пен ел экономикасын көтеруге бағытталған. Екіншісі – әлеуметтік топтарды қудалап депортациялау. Үшіншісі – ұлттық белгілерге қарап, күштеп мәжбүрлі түрде көшіру. Депортацияланған халықтардың тарихы мен тағдырына әділ баға беріліп, жүйелі зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілсе екен.

Зерттеу жұмысының басты мақсаты – депортация тақырыбында ғылыми зерттеу еңбектер жазған отандық, шетелдік авторлардың материалдарымен танысып, олардың еңбектеріне түсінік беріп, талдау жасау. Арнайы жер аударылған халықтардың тағдыры, бейімделуі, әлеуметтік жағдайына зер салу.

Зерттеу материалдары мен әдістер

Берілген мақалада сталинизмнің репрессия саясатының көпқырлылығы ескерілді. Ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектерімен танысып, талдау жасалынды. Бұл қуғындау саясаты қоныстанушы халықтар өмірінің барлық салаларында көрініс тауып, адам шығынына, материалдық залалға, этностардың ұлттық болмысын жоғалтуына әкеп соқты. Депортациялау мәселелерін зерттеу әдіснамасының негізінде ғылыми объективтілік пен тарихилық сияқты іргелі қағидаттар жатыр. Зерттеуде ғылыми танымның түрлі әдістері: талдау мен



жинақтау, сондай-ақ салыстырмалы, проблемалық-хронологиялық және жүйелік-құрылымдық әдістер қолданылды.

Депортация тақырыбы тыңғылықты зейін қойып, зерттеуді талап ететін ауқымды, кең құбылысты тақырып. Кеңес одағында бұл тақырыпты зерттеуге тиым салынғанымен шетелдік басылымдарда депортация саясатының тарихын шығарып тұрды. Оның бірі 1978 жылы Нью-Йоркте жарық көрген, кезінде кеңес үкіметінің азаматы болған Александр Некричтің «Наказанные народы» кітабын атауға болады [1, 28-83 б]. Автор қолжазбаны КСРО-да тұрған кезінде жазып дайындаған. А.Некрич өз кітабында Кеңес одағының жүргізген этникалық саясатының салдарынан күштеп қоныс аударылған халықтардың тағдыры мен ауыр жағдайлары туралы баяндайды. Бұл еңбекте бірнеше негізгі оқиғалар мен мәселелер қарастырылады:

1. Кеңес билігі мен халықтар арасындағы қатынастар: Кітапта Кеңес үкіметінің өз саясатын жүргізу барысында түрлі этникалық топтарды, соның ішінде немістер, қырым татарлары, шешендер мен ингуштер, балқарлар және басқада ұлт өкілдерін күштеп көшіріп, жер аударуының себептері мен салдары егжей-тегжейлі сипатталған.

2. Күштеп қоныс аударудың себептері: Кітапта негізінен Кеңес Одағының ішкі қауіпсіздік саясатымен байланысты, соғыс уақытындағы айыптаулар мен халықтардың «сатқын» деп айыпталуы нәтижесінде бұл халықтардың қоныс аударылуы көрсетіледі.

3. Қоныс аударылған халықтардың күйі: Отанынан айырылған адамдардың қандай жағдайларда өмір сүргені, оларды жаңа жерлерге көшірудің қаншалықты қиын болғаны және олардың физикалық және психологиялық азаптарын көрсететін түрлі фактілер мен құжаттар беріледі.

Кітапта нақты оқиғалар мен тарихтағы қателіктер, әсіресе этникалық тазартуды жүзеге асыру кезіндегі адам құқығының бұзылуы туралы айтылған. Некричтің бұл шығармасы Совет билігінің этникалық және саяси шараларын сынға алады. Сондықтан, «Наказанные народы» кітабында нақты жазылған мәліметтер мен оқиғалар кеңес дәуіріндегі халықтардың трагедиясы мен зардаптары туралы кеңінен баяндайды. Кітаптың жеке тарауында Қалмақия, Қырым, Солтүстіктен Кавказдан келген әртүрлі ұлт өкілдерінің жер аударылуы, КСРО-ның әртүрлі аймақтарындағы «жазаланған халықтардың» өмірі, олардың ерекше мәртебесі көрсетілген.

Бүгінгі таңда арнайы қоныс аударушылар тарихын ізденіп жүйеге келтіріп жүргендер баршылық. Осыған байланысты депортация тақырыбы бойынша белгілі зерттеушілердің жұмысын атап өткен жөн. Н.А.Абуов, З.К.Картованың жарық көрген «История чеченцев и ингушей в Северном Казахстане: от депортации до демонстража системы спецпоселения» деп аталатын еңбектерінде шешендер мен ингуш халықтарының Қазақстанға соғыс жылдарында жер аударылғандығы олардың жергілікті жерге үйреніп сіңісіп кетуі жайында зерттеу талдауын жасайды [2, 8-11 б]. Зерттей келе депортацияланған халықтардың ауыр әлеуметтік-материалдық жағдайы мен жергілікті билік органдарының моральдық-психологиялық қысым жасап, немқұрайлы қарауы жайында баяндалады. Өз



кезегінде авторлар ғалым зерттеушілердің Ж.Ж.Мари, З.Шахбиева, А.М.Гонова, Н.Ф.Бугая, В.Н.Земскова, А.В.Авторхановтың еңбектерін қарастырып талдау жасаған. Талдау жасай келе 90-жылдары Ресейдегі күрделі жағдайды ескере отырып, Солтүстік Кавказ халықтарына қатысты репрессияны ғалымдардың зерттеуі айтарлықтай дамығанын айтады. Мұндағы З.Шахбиевтің «Судьба чечено-ингушского народа» атты еңбегінде автор кітаптың жеке тарауы шешен-ингуш халқының жер аудару тарихына тоқталып еңбектің авторы мұрағат көздеріне сүйене отырып, шешендер мен ингуштарды депортациялау, оңалту және репатриациялау процестерін қарастырған. 1998 жылы Гонов А.М., Бугай Н.Ф. бірлесе жазған «Кавказ: народы в эшелонах (20–60-е годы)» атты жарық көрген кітабына да тоқтала келе зерттеушілердің депортацияға дейін өмір сүрген барлық Кавказ халықтарының тарихын қарастырып, олардың әлеуметтік топтарының мәжбүрлеп көшіруін, оларды тарихи отанына қайтару мәселесіне тоқталып өтеді [3, 348 б].

Талдау мен жинақтау әдістерін қолдану қоныстану үдерістерін, шаруашылық-тұрмыстық жағдайды, депортацияға ұшыраған халықтардың құқықтық мәртебесін қарастыруға және сипаттауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардың алғашқы он жылдығында Қазақстан ғалымдары осы тақырып бағытындағы ғылыми зерттеулерінде барлық этностардың объективті тарихын қалпына келтіруге белсенді ұмтылғанын көреміз. 1998 жылы жарық көрген «Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы» атты жинағы зерттеушілер арасында қызығушылық тудырды [4, 420 б]. Бұл кітапта Қазақстанға күштеп қоныс аударылған (депортацияланған) түрлі этностардың тағдыры мен тарихи оқиғалары баяндалған. Атап айтқанда: 1930–1950 жылдар аралығында Кеңес өкіметі жүргізген қуғын-сүргін және депортация саясаты туралы. Қазақстанға күштеп көшірілген халықтар: немістер, шешендер, ингуштар, кәрістер, түріктер, балқарлар, қарашайлар, поляктар, гректер, қырым татарлары және басқа да этностардың тарихы қамтылған. Бұл халықтардың қоныс аудару себептері, жолда көрген қиындықтары, Қазақстандағы алғашқы өмір кезеңдері, жұмыс істеу жағдайлары, жергілікті халықпен қарым-қатынастары және кейінгі әлеуметтік бейімделу үдерістері талданады. Сондай-ақ кітапта деректер мен құжаттар, көрген-білген куәгерлердің естеліктері, және ғылыми-зерттеу мақалалар келтіріледі. Бұл еңбек тарихи және қоғамдық-саяси маңызы бар құжат болып табылады. Ол Қазақстанның көп этносты қоғамға айналу жолындағы ауыр кезеңдерді көрсетеді және сол халықтардың қайғы-қасіреті мен ерлігіне тағзым етеді.

Келесі жұмыс «Депортационные процессы в Восточном Казахстане в контексте устной истории», авторлары Атантаева Б.Ж., Ахметова Р.Д., Г.А.Жанкадамова Г.А. [5, 76-84 б]. Берілген мақалада халықтардың ұлттық ерекшеліктеріне қарай Кеңес үкіметінің Қазақстанға жер аудару саясатын талдап, ұсынылған еңбекте ғалым, жазушылардың депортация жайындағы еңбектеріне талдау жасай келе, түсінік береді. Мақаланың негізгі өзегі етіп шешен-ингуш, неміс ұлттарының тағдыр тауқыметін қарастырып, ауызша тарихты, арнайы қоныс



аударушылармен олардың ұрпақтарымен сұхбаттасуы негізделген. Мақалада арнайы қоныс аударушылардың ұрпақтарынан сұхбат алып олардың қоныс аудару, өмір иірімдерінен мол тарихи мәліметтер береді. Географиялық аумағы етіп Шығыс Қазақстан аумағын алған. Зерттей келе ғылыми мақалаларға шолу жасап, ауызша тарих материалдарына негіздеген.

Халықтарды депортациялау мәселесі қиында қызықты және көпқырлы болып келеді. Депортацияның бірнеше себебі бар десек соның бірі кеңес үкіметінің халықтарды әлеуметтік-экономикалық мақсатта пайдалану болды. Қазақстанға күштеп қоныс аударған халықтар тек жазасын өтеп қана қоймай лагерь экономикасының белсенді қатысушылары да болды.

Қазақстан аумағы негізгі қоныстанушылар аймағына айналды. Айта кетерлігі, мәжбүрлі қоныс аударушылар кеңестік кезеңнің экономикалық, саяси эксперименттердің құрбаны болды. Танымал депортация тарихын зерттеуші Қалыбекова М.Ч. еңбектері көптеген сұрақтарға жауап береді. Сол еңбектің бірі «Депортация народов в казахстан в годы великой отечественной войны» атты еңбегі жарқын бейне береді. Көрсетілген мақалада жаңа мұрағаттық дереккөздерге сүйенген. КСРО тарапынан жүргізіліп отырған мәжбүрлі қоныстандыру саясатының ауқымы мен салдарын зерттеп талдаған. Автор Ұлы Отан соғысы басталысымен Қазақстанға кеңестік неміс халқының Повольже, Грузия, Азербайжан, Армения жерлерінен шығару басталғанын, бұл қасірет Солтүстік Кавказ халықтарында айналып өтпегендігін айтады. Айта кететін тағы бір маңызды ақпараттың бірі НКВД мәліметтері бойынша Ұлы Отан соғысының басында Батыс Қазақстан облысынан басқа он (10) облысқа (Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Семей, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Ақмола) қоныстанған, барлығы 175 831 (45 620 отбасы) арнайы қоныстанушылар тіркелген. Зерттеуші Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағаттық деректеріне сүйеніп, соғыс жылдарында Қазақстанның елді мекендерінде 900 000-нан 1 000 209 адам тіркелсе, ал ҚазКСР НКВД мәліметінде 1945 жылдың 1-қаңтарындағы дерегі бойынша 815 319 адам (232 593 отбасы), олардың ішінде: 135 308 бұрынғы кулактар, 243 722 немістер, 360 405 шешен-ингуштер, 20 288 балқарлар 8 064 Молдава және балтық жағалауы елдерден, 2 541 қалмақ, 40 767 қарашайлар, 4 224 қырымнан келгендер есепте тұрғанын көрсетеді. Қазақстан аумағында арнайы қоныстанушылар есебінен халықтың аймақтық орналасуымен саны өзгеріске ұшырады. Осылайша арнайы қоныстанушылар ең көп шоғырланған аймақ Қазақстанның солтүстік және оңтүстік аймақтары екенін байқаймыз. Арнайы мәжбүрлі түрде қоныс аударып келгендер қала емес колхоз, совхоздарда және өндіріс орындарына орналастырды. Ең сорақысы олардың жағдайлары ауыр болып, құқықтары қорғалмай аяққа тапталып келген. Баспана мәселесіде көңіл аудартады. Депортацияға ұшыраған халықтарға тұрғын үй алаңының нормасы адам басына шаққанда 3 м² кв деп, олардың отбасы бөлек бөлмелерге орналастырылады деп белгіленгеніне қарамастан, іс жүзінде 2-3 отбасы бір үйде бірге тұрды. Жан басын шаққанда 2 м² кв аспаған [6, 98-101 б]. Ұсынылған еңбекте автор тағдыр тәлкегіне түскен қоныстанушылардың өмірімен тұрмыс жағдайына талдау жасайды.



Сталин қылмысы кеңес халықтарын жаппай күштеп жер аудартуы, қуғын-сүргінге ұшырату саясаты үлкен қылмыс екені белгілі. Бұл саясаттың құрбаны болып қаншама этностар жапа шекті. Халықтарды депортациялау тарихына қатысты тағы бір еңбектің авторлары Балыкова А.М., Сисекешова А.С. «История депортации народов в Казахстан в 30-50 годы XX века» тақырыбында дәйекті ақпараттар береді [7, 5-7 б]. Бұл еңбекте авторлар Ұлы Отан соғысы қарсаңында және Ұлы Отан соғысы уақытындағы кавказ, неміс, грек, кәріс т.б. ұлттардың күштеп Қазақстанға еркінен тыс келгендігін, қазақстанның әр облысына оларды қоныстарып, адам санына назар аударған. Қоныстанған ұлттардың ішіндегі ең көп ұлт ретінде және басқа ұлттардың тағдырынан ерекше неміс ұлтты екенін айтады. Дерекке сүйенсек қоныс аударуға жосапранған 472 174 немістің 243 904 адамы 105 эшелонмен келегеніне куә боламыз. Еңбекте қоныс аударған ұлттардың өмір сүру құқығы мен әлеуметтік жағдайын ескермегеніне назар аударылған. Жер аударылған халықтардың өкілдері қуылғаннан бастап-ақ әлеуметтік және моральдық жағынан нашар, қарапайым құқықтарынан айырылды. Арнайы қоныс аударышылардың жеке меншігі мен мүлкін сақтау құқығы қамтамасыз етілмеді, бірақ бұл мемлекеттік құжаттарда арнайы қоныстанушыларға тиесілі мүлікті арнайы комиссияларға беруде қарастырылған. Арнайы қоныс аударушылардың жағдайы жергілікті комендатуралар мен НКВД органдарында тіркеу, қайта тіркеу және есепке алудың қорлайтын тәртібімен сипатталды. Олардың әр қадамы бақыланып, болмашы заң бұзушылық болса бірден бақылауға алынып отырғандығы айтылған.

Келесі еңбек тарих ғылымдарының докторы, профессор Тлеу Кульбаев пен Аракадий Хегайдың «Депортация» атты еңбегі [8, 274 б]. Кітапта империяның солақай саясатымен, сталиндік режимнің халықтарды күштеп көшіру саясатының себептері мен оның саяси мақсаттары қарастыра отырып, жаңа жерге келген халықтардың тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік жағдайы, еңбекке тартылуы және мәдени өмірі зерттеледі. Сондай-ақ депортацияланған халықтардың Қазақстан қоғамына интеграциясы, олардың ұлттық мәдениеттерінің сақталуы мен дамуы мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар 1930-1950-жылдар аралығында Қазақстанға күштеп қоныс аударылған халықтардың тарихы қарастырылады. Олар арасында кәрістер, калмықтар, қарашайлар, шешендер, ингуштар, қырым татарлары, балқарлар, Закавказье халықтары және басқа да этностар бар. Авторлар бұл халықтардың Қазақстанға көшірілуі, олардың жаңа ортаға бейімделуі, тұрмыс-тіршілігі мен мәдениеті туралы архивтік деректер мен әдебиеттерді пайдаланып, жан-жақты талдау жасаған. Өз жұмыстарында авторлар «Бүгін біз өз халқымыздың тарихы қалай бұрмаланғанын толық түсінеміз» - деп атап өтеді.

Зерттеуші Сулейменова М.Ж. «Актуальные проблемы насильственной депортации репрессированных социальных групп СССР в Центральный Казахстан в 30-40-е годы XX века (на примере крестьянства)» [9, 10-14 б] атты еңбегін қарастырсақ. Автор қуғын-сүргінге ұшыраған әлеуметтік топтарды Орталық Қазақстанның яғни Қарағанды облысының аумағына күштеп депортациялау тарихын талдаған. Еңбекте автор архивтік құжаттар деректеріне баса назар аударған. КСРО халықтарын оның ішіндегі қарапайым шаруаларды Орталық



Қазақстанға мәжбүрлі түрде көшіру себептерін анықтап, олардың ауыр әлеуметтік-экономикалық, материалдық жағдайы, тұлғалық құқық бұзушылығын тіпті қоныстанушыларды қоғамнан тыс адам ретінде есептемей құқығынан айыру фактілерін қарастырып, кеңес басшылықтары тегін жұмыс күші ретінде пайдалануға ұмтылғандығын көрсетеді. Осы еңбекте көрсеткендей Кеңес үкіметі жоспарланған операцияларды іске асыру үшін репрессиялық апарата қажет болғанын және ол Бас саяси басқарма – ГПУ түрінде құрылып, 1923 жылы ОГПУ– Біріккен мемлекеттік саяси басқарма болып өзгертіліп, НКВД құрамынан шығарылып, ол таза жазалау функциялары бар жеке тәуелсіз мемлекеттік органға айналған. Автор мемлекеттік органдардың НКВД, ГПУ т.с.с. органдардың жүйелі түрде халықтарды қанап, жазалау, қоныстандыру жұмыстарын атқарғандығын келтіреді. Бізге белгілісі шаруаларды Орталық Қазақстанға қоныс аудартуы ең алдымен Қарағанды көмір бассейнінің салу жоспарымен, кен көздерін игерумен байланысты болды.

Кеңестік ғылыми әдебиеттерде кеңес қоғамының экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани тұрмыс катаклизмдерін қайта қараудың өзекті, көптеген жемісті еңбектер баршылық. Тек бірізділікпен тұрақты зерттеуді қажет ететін дүние. Мұны ғалымдар зерттеп келеді. КСРО уақытының әдебиеттерімен БАҚ құралдары жалған ұранмен, жалған экономикалық жетістіктермен, жалған ұжымдастырумен, одан қалды қоғам өмірінің бақытты ғұмырымен сипаттады. Ал шын мәнінде бәрі басқаша сипат алған.

Шешен халқының ұлы перзенті Авторханов А. «Народо убийство в СССР: Убийство чеченского народа» [10, 5-77 б] кітабында шешен, ингуш халықтарының КСРО билігі тарапынан қаншалықты қысым көргенін, оларды қызыл армия қатарына алмай НКВД жендеттерінің «Шешенстанның ұлтшыл орталығын» құрып олардың солақай қызметерін баяндаған. Бұл кітап ең алғаш рет 1952 жылы Мюнхен қаласында басып шығарылған. Автор шешен, ингуш халқының трагедиясы Кеңес одағының қарамағындағы халықтардың жағдайын көрсетеді. Шешен, ингуш халықтарын Кавказдан үдете көшіру тек сол уақыттағы «лениндік-сталиндік ұлттық саясатың» тек рухани, моральдық құлдырату ғана емес, еркін тау халықтарын ұлт ретінде жою саясаты екенін дәлелдейді.

«К вопросу о насильственных переселениях (депортациях) на территорию Центрального Казахстана» [11, 122-129 б] еңбегінің авторлары Козина В.В., Джумабеков Д.А., Жуманова А.З. Зерттеушілер географиялық аумақ етіп, Орталық Қазақстан аумағын алған. Авторлар Қарағанды облыстық мемлекеттік архиві, Қарағанды облыстық сот архиві, Қарағанды облыстық прокуратурасы архивтік құжаттарына сүйене отырып, Орталық Қазақстан аумағына халықтарды күштеп депортациялаудың фактілерін келтірген. Бұл фактілерді ауқымына байланысты үш кезенді бөліп көрсеткен. Олар: 1930 жылдар; 1941-1945 жылдар аралығы; 1946-1953 жылдарды қамтыған. Өңірде жаңа елді-мекендердің қоныс аударшылардың есебінен пайда болып, халық санының артқандығына тоқаталады. Аумаққа арнайы қоныс аударушылардың нақты санын келтірмеген. Мұны халықты есепке алудың жетілмеген түрімен байланыстырады. Дегенменде жаппай күштеп қоныс аударушылардың есебінен аймақтың демографиялық, мәдени, діл, экономикалық, әлеуметтік көрінісінің барлық саласын өзгерткен. Бұл аймақ бүкіл халықтарды



жаппай қуғын-сүргін мен күштеп жер аудару саясатының салдары демографиялық және ұлттық салдарға соқтырған аймақ. Орталық Қазақстан табиғи ресурстарға бай аймақ ретінде ауқымды жаңғырту процесстері кезінде КСРО-ны үдемелі индустрияландыру стратегиясының көзіне айналғандығын көрсетеді.

Тағы бір қызықты дерек Мамаева Г.Е. «Депортации чеченского и ингушского народов на территорию Казахстана в современной казахстанской историографии» [12, 101-104 б]. Жазба авторы қазақ ғалымдарының еңбектеріндегі Шешен-Ингуш халықтарының Қазақстанға күштеп көшірілуінің тарихнамасын қарастырған. Бұл тарихнама ҚР Тәуелсіздік алуынан кейін қолға алынғанын, зерттеушілердің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы шешен ингуш халықтарының Қазақстанға депортациялау мәселесіне деген көзқарастары талданады. Депортацияланған халықтардың тарихын зерттеуде жаңа тәсіл мен отандық зерттеушілердің еңбектерін қолдана отырып, бұл тақырыпты жан-жақты, объективті түрде ашуға мүмкіндік алған. Қарастырған тақырыпты көпвекторлы сипатын, оның қырларын саяси, философиялық, экономикалық, моральдық ұғымдарына тоқталған.

Келтірілген дереккөздердің алуан түрлілігіне қарамастан алғашқылардың бірі болып КСРО халықтар депортациясының хронологиясына және тарихнамасындағы депортация мәселелеріне байланысты тың мәліметтерге тоқталған «Сталинские депортации 1928-1953» деп аталатын еңбектің авторлары Поболь Н.Л., Полян П.М. болды [13, 904 б]. Бұл жинақта совет кезеңіндегі депортациялардың негізгі сегментін – этникалық депортацияларды қамтиды. Этникалық депортациялардың алғашқы белгілері деп 1920 жылдардың соңы деп белгілейді. Алайда депортация науқаны 1930 жылдардың екінші жартысынан бастап кең етек алып, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шарықтау шегіне жеткендігі, соғыстан кейін бұл үдеріс біртіндеп азая бастағандығын көрсеткен. Депортациялық операциялардың осындай біркелкі емес хронологиясы жинақтың құрылымы мен логикасын айқындап береді. Жинақтың бірінші бөлімі соғысқа дейінгі этникалық депортацияларға (1928-1939 жж.) арналған, екінші және үшінші бөлімдері – соғыс кезіндегі этникалық депортацияларға (1939-1945 жж.), ал төртінші бөлім – соғыстан кейінгі депортацияларға (Сталин қайтыс болғанға дейінгі кезеңге дейін) арналған.

Ал қосымшаларда КСРО аумағындағы барлық депортациялық науқандар мен операциялардың тізімі, сондай-ақ Үшінші рейх тарапынан қолдан жасалған деп болжанатын кейбір күмәнді құжаттар берілген. Жинақ кіріспе мақала, археографиялық алғысөз, жекелеген бөлімдер мен тармақтарға арналған преамбулалар, есімдер көрсеткіші және библиографиямен толықтырылған.

В.Н.Земсковтың «Спецпоселенцы в СССР: 1930-1960» [14, 304 б] атты еңбегі Кеңес Одағында 1930-1960 жылдар аралығында арнайы қоныстандыру жүйесінің тарихын жан-жақты зерттейтін маңызды ғылыми еңбек болып табылады. Бұл диссертация 2005 жылы Мәскеуде Ресей ғылым академиясының Ресей тарихы институтында докторлық диссертация ретінде қорғалған. Земсковтың зерттеу жұмысы арнайы қоныстанушыларды (спецпоселенцев) кеңестік қоғамның ерекше әлеуметтік тобы ретінде қарастырады. Автор арнайы қоныстандыру жүйесінің



құрылымы мен эволюциясын, оның әртүрлі тарихи кезеңдердегі ерекшеліктерін терең талдайды. Зерттеу барысында арнайы қоныстанушылардың сандық және географиялық таралуы, олардың өмір сүру жағдайлары, еңбекке тартылуы, моральдық-психологиялық күйі, ұрпақ өсуі мен өлім-жітім статистикасы, қашу және тұтқындалу жағдайлары, сондай-ақ олардың ұлттық құрамы мен жыныс-жас құрылымы сияқты мәселелер қарастырылады. Земсковтың зерттеу жұмысы мұрағаттық деректерге негізделген және арнайы қоныстанушылардың өмірін жан-жақты сипаттайды. Автор арнайы қоныстанушылардың өмірін зерттеу арқылы кеңестік қоғамның әлеуметтік құрылымын, саяси репрессиялардың салдарын және олардың қоғамға әсерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Негізгі жұмыстардың ішінде Ефремова-Шершукова Н.А. «Немцы Казахстана: депортация, спецпоселение, реабилитация» атты диссертациялық жұмысын атап өту керек [15, 155 б]. Неміс этносының Қазақстан жерінде пайда болу тарихы, оның республика экономикасына, әлеуметтік және мәдени өміріне кезең-кезеңмен қосылу процесінің ерекшеліктері, бұл өзгерістердің мемлекеттік биліктің жүргізген саясатына тәуелділігі неміс халқының тағдыры туралы объективті түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу тақырыбы бойынша автор талдап оны бірнеше топқа бөлген. Бірінші топқа депортация, екінші топқа арнайы қоныстандыру, үшінші топқа репрессияға ұшыраған халықтардың заңды қалпына келтіру мәселелерін қарастырған ғалымдардың еңбектері біріктірілген. Жоғарыда көрсетілген мәселе – неміс этносының Қазақстанға депортациясы, олардың арнайы қоныс аудару жағдайындағы өмірі және 1950-жылдардың ортасынан бастап 1980-жылдардың соңына дейінгі заңды қалпына келтіру процесі зерттеушілер еңбектерінде толық әрі объективті түрде қамтылмағанына тоқталған. Жоғарыда аталған мәселе – неміс этносының Қазақстанға депортациялануы, олардың арнайы қоныс аудару жағдайындағы өмірі және 1950-жылдардың ортасынан бастап 1980-жылдардың соңына дейінгі заңды қалпына келтіру процесі – зерттеушілердің еңбектерінде толық әрі объективті түрде қамтылмағанын келтіреді. Дегенмен, бұл мәселелер шетелдік авторлар тарапынан 1950-жылдардың соңы мен 1960-жылдардың басынан бастап қарастырылғанын көрсетеді.

Өзінің ауқымды зерттеуімен ерекшеленетін В.Г.Канның «Корейцы Казахстана» деп аталатын еңбегі [16, 240 б]. Бұл жерде В.Г. Канның еңбегі 1937 жылы Қиыр Шығыстан КСРО-ның Қазақстанға күштеп қоныс аударылған кәріс этносының тарихын 55 жылдық кезеңде, атап айтсақ 1937 жылдан 1993 жылға дейінгі аралықты қамтыған. Депортацияланған кәріс халқының мәселелері бойынша көп көлемді мұрағаттық құжаттар маңызды орын алған. В.Г. Кан кәрістердің Қазақстанға қоныс аударуы екі кезеңнен тұратынын айтады. Бірінші кезең – оларды Қиыр Шығыс аймағынан республика аумағына күшпен көшіру. Екінші кезеңде 1938 жылдың көктемінен басталып, Қазақстан ішкі аймағына өткенін айқындайды. Үшінші кезеңде олардың шаруашылық жүргізу, тұрмысқа жағдайдың мүмкін еместігін ескеріп, өз беттерінше қоныс аударылған жерлерінен кеттіп, Қазақстан мен Өзбекстан аумақтарына қоныстанумен сипатталады.

Кәріс этносының қызықты тарихы мен мұрасы, рухани мәдениеті бағытында тың мәлімет беретін Ким Г.Н. және Мен Д.В. «История и культура корейцев



Қазақстана» еңбегі [17, 346 б]. Қазақстандағы кәріс халықтарының тарихы мен мәдениетіне арналған маңызды зерттеу жұмысы болып табылады. Авторлар кәріс этносының Қазақстан жеріне қоныс аударуынан бастап, олардың елдегі әлеуметтік-экономикалық, мәдениеті мен дәстүрін сипаттаған. Сондай-ақ кітапта кәріс халқының ұлттық ерекшеліктері, тілдік, мәдени дәстүрлері және де осы халықтың Қазақстандағы қоғамдастығының қалыптасу жолдары туралы маңызды зерттеулер жасалған. Еңбекте кәрістердің қиын жағдайларын, әсіресе сталиндік қуғын-сүргіннен кейінге өмірінен, мәдениет пен білім саласында қол жеткізген жетістіктерінен деректер келтірген. Авторлар осы зерттеулер арқылы арнайы қоныс аударған халықтың төзімділігі мен мәдени мұрасын сақтап қалғанын, сонымен қатар олардың Қазақстанның көпэтникалық қоғамына қосқан үлестерін көрсеткен.

Келесі еңбек кеңес және корей тарихшысы Ким Сын Хва өзінің «Очерки по истории советских корейцев» атты кітабында Кеңес Одағындағы кәріс диаспорасының тарихын зерттеп, олардың бейімделуі, саяси, әлеуметтік, мәдениет пен ұлттық бірегейлік мәселелеріне назар аударған [18, 251 б]. Сонымен қатар кәріс халықтарының 1930 жылдары КСРО-ға қоныс аудару тарихына оның ішінде Орта Азия мен Қазақстанға 1937 жылы Қиыр Шығыстан корейлердің қоныс аударып корейлердің жаңа қоғамға сіңісіп үйренуі, кездескен қиындықтары баяндалады.

«Из истории депортаций Казахстан 1939-1945 гг.» [19, 708 б]. Бұл еңбек ауқымды құжаттар жинағы. Қазақстанға кеңестік депортация саясатына ұшыраған халықтардың тарих тәукіметін зерттейтін маңызды құжаттар жинағы. 2019 жылы Алматыда жарық көрген бұл еңбек 1939-1945 жылдар аралығындағы Қазақ КСР-на күштеп қоныс аударылған халықтардың, соның ішінде поляк, кавказ, неміс, кәріс ұлттары секілді басқа да этникалық топтардың тағдыры туралы архивтік анықтамалық құжаттарды қамтиды. Бұл томда кеңес үкіметінің депортация саясатының салдары мен оның қазақстандық қоғамға әсері туралы архивтік материалдар ұсынылған. Жинақта қуғынға ұшыраған халықтардың өмірі, олардың Қазақстанға көшуі, тұрмыс жағдайлары, құқықтық мәртебесі және де олардың осы кезеңде бастан өткерген қиыншылықтары мен қиындыққа төтеп тіршілігін жалғастыруы көптеген анықтамалық ақпараттар бар.

Келесі еңбек В.Э. Кригер мен А.Н. Фризен «Из истории советских немцев» [20, 250-275 б]. Бұл маңызды дәйекті зерттеу болып табылады. Кітапта кеңес немістерінің тарихын толық әрі жан-жақты зерттейді. Олардың этникалық, әлеуметтік және саяси жағдайларын терең талдаған. Олардың XVIII-XIX ғасырларда ресейге қоныс аудару себебі, әлеуметтік жағдайы мен экономикалық мәдени саласы қарастырылып, ең ауыр кезеңдерінің бірі Сталин дәуіріндегі жер аудару, әсіресе Ұлы Отан соғысы кезіндегі айыптаулар көрсетілген.

Қорытынды

Қорыта келе, жоғарыда көрсетілген зерттеушілердің еңбектеріне назарға алып, XX ғасырдың 30-40-жылдарындағы кеңестік сұрқия саясаттың салдарынан айрандай ұйып отырған халықтардың тыныштығы мен тағдырына балта шабылғанына куә боламыз. Осы тарихнамалық талдау нәтижесінде ғалымдар мен зерттеушілердің зерттеу жұмыстарына талдау жасалды. XX ғасырдың 30-40-



жылдарында жүргізілген жаппай қоныс аудару шаралары – саяси, әлеуметтік, этникалық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерінің көрінісі ретінде зерттеушілер назарында ерекше орын алады. Бұл үдерістердің Қазақстан аумағында кеңінен жүргізілуі елдің демографиялық құрылымына, әлеуметтік-экономикалық дамуына және этносаралық қатынастарға терең ықпал етті.

Депортация тарихнамасы – Қазақстанның ХХ ғасырдағы тарихи үрдістерін объективті тұрғыдан бағалауға мүмкіндік беретін өзекті зерттеу бағыттарының бірі екені анық. Кеңестік тоталитарлық жүйенің ұлт саясаты шеңберінде жүзеге асырылған жаппай депортациялар Қазақстанға қоныстанған этностардың тағдырында терең із қалдырды. Бұл саяси шешімдер олардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени және құқықтық жағдайына кері әсерін тигізіп, этносаралық қатынастардың күрделенуіне себеп болды.

Зерттеу барысында байқағанымыздай, депортация тарихнамасы кеңестік кезеңде идеологияға бағынышты сипатта дамып, шынайы тарихи деректер бұрмаланған немесе мүлде зерттелмеген. Тек КСРО тарағаннан кейін тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге бағытталған зерттеулер мен мұрағат құжаттары ғылыми айналымға ене бастады. Қазақстандық тарихшылар (К.Алдажуманов., С.Машимбаев., А.Габдуллина., М.Қ. Қозыбаев және т.б.) мен шетелдік зерттеушілердің еңбектері бұл мәселенің мазмұнын тереңірек ашуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, зерттеу көрсеткендей, депортацияланған халықтардың тарихи жадындағы орны, олардың Қазақстан қоғамына қосқан үлесі мен қазіргі этносаяси үрдістердегі рөлі әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Бұл бағыттағы тарихнамалық ізденістер -тарихи шындықты қалпына келтірумен қатар, бүгінгі қоғамдағы ұлтаралық татулық пен тарихи сананы қалыптастыруда маңызды мәнге ие.

Сондықтан депортация тарихнамасын зерттеу -тек өткеннің сабағы ғана емес, сонымен бірге болашақ үшін қажет тарихи тәжірибе.

ӘДЕБИЕТ

[1] Некрич А.М., Наказанные народы. Нью-Йорк; Издательство Хроника 1978. – С. 28-83.

[2] Абуов Н.А., Картова З.К. История чеченцев и системы спецпоселения ингушей в Северном Казахстане: от депортации до демонтажа // Вестник Карагандинского университета. Серия: История. Философия. – 2022. – №4 (108). – С. – 8 –12.

[3] Бугай Н.Ф. Кавказ: народы в эшелонах (20–60-е годы) / Н.Ф. Бугай, А.М. Гонов. – М. Инсан, 1998, 348 с.

[4] Анес Г. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы; Арыс – 1998. – 420 с.

[5] Атантаева Б.Ж., Ахметова Р.Д., Г.А.Жанкадамова Г.А. Депортационные процессы в Восточном Казахстане в контексте устной истории // Вестник КазНУ. Серия: История. – 2023. – № 3 (110). – С.- 76-83.

[6] Калыбекова М.Ч. Депортация народов в Казахстане в годы Великой Отечественной войны // Российская академия наук Сибирское отделение Гуманитарные науки в Сибири. - 2015- № 1(22). С -98-101.



[7] Балыкова А.М., Сисекешова А.С. История депортации народов в Казахстан в 30-50 годы XX века // Евразийский Союз Ученых. Серия: Исторические науки. – 2015.- № 12 (21). – С-5-7.

[8] Кульбаев Т.С., Хегай А.Ю. Депортация. - Алматы; Данекер- 2000.- С. 274

[9] Сулейменова М.Ж. Актуальные проблемы насильственной депортации репрессированных социальных групп СССР в Центральный Казахстан в 30-40-е годы XX века (на примере крестьянства) // Сетевое издание. Современные проблемы науки и образования. Серия: Исторические науки.-2011. - №1.- С-10-14.

[10] Авторханов А. «Народоубийство в СССР: Убийство чеченского народа». Мюнхен; Издательство «Свободный Кавказ» 1952.- С-5-77.

[11] Козина В.В., Джумабеков Д.А., Жуманова А.З. К вопросу о насильственных переселениях (депортациях) на территорию Центрального Казахстана // Вестник Карагандинского университета. Серия: История. Философия. - 2022. - № 3(107). - С-122-129.

[12] Мамаева Г.Е. Депортации чеченского и ингушского народов на территорию Казахстана в современной казахстанской историографии // Известия Алтайского государственного университета. Серия: исторические науки.- 2016. - № 4 (92). -С- 101-104.

[13] Поболь.Н.Л., Полян П.М. Сталинские депортации 1928-1953. -Москва; «МФД; Материк» -2005. - 904 с.

[14] Земсков В.Н. Спецпоселенцы в СССР, 1930–1960 М.: Наука, 2003. - 304 с.

[15] Ефремова-Шершукова Н.А. Немцы Казахстана: депортация, спецпоселение, реабилитация. Томск-2009.- 291 с.

[16] Кан.Г.В. Корейцы Казахстана. Алматы; исторический очерк.-1994. - 240 с.

[17] Ким Г. Н., Мен Д. В. История и культура корейцев Казахстана. -Алматы; Ғылым. - 1995.-346 с.

[18] Ким Сын Хва.Очерки по истории советских корейцев. Алматы; Наука. - 1965 - 251 с.

[19] Из истории депортаций Казахстан 1939–1945 гг. Сборник документов. Т. 3. – Алматы: ЛЕМ. - 2019. – 708 с.

[20] Кригер В.Э., Фризен А.Н. Из истории советских немцев. Алма-Ата; История Казахстана: белые пятна. - 1991. - С. 250–275.

REFERENCES

[1] Nekrich, A.M. (1978). *Nakazannye narody* [Punished peoples]. Niu-Iork: Izdatel'stvo Khronika, pp. 28–83. [in Russian].

[2] Abuov, N.A., & Kartova, Z.K. (2022). *Istoriia chechentsev i sistemy spetsposeleniia ingushei v Severnom Kazakhstane: ot deportatsii do demontazha* [History of the Chechens and the system of special settlements of the Ingush in Northern Kazakhstan: from deportation to dismantling] // *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Serii: Istoriia. Filosofiia – Bulletin of the Karaganda University. Series: History. Philosophy*, 4(108), pp. 8–12. [in Russian].



- [3] Bugai, N.F., & Gonov, A.M. (1998). *Kavkaz: narody v eshelonakh (20–60-e gody)* [The Caucasus: peoples in trains (1920s–1960s)]. Moskva: Insan, 348 p. [in Russian].
- [4] Anes, G. (1998). *Deportirovannye v Kazakhstan narody: vremia i sud'by* [Deported peoples in Kazakhstan: times and destinies]. Almaty: Arys, 420 p. [in Russian].
- [5] Atantaeva, B.Zh., Akhmetova, R.D., & Zhankadamova, G.A. (2023). *Deportatsionnye protsessy v Vostochnom Kazakhstane v kontekste ustnoi istorii* [Deportation processes in Eastern Kazakhstan in the context of oral history] // *Vestnik Kazakhskogo natsional'nogo universiteta. Seriya: Istoriia – Bulletin of the Kazakh National University. Series: History*, 3(110), pp. 76–83. [in Russian].
- [6] Kalybekova, M.Ch. (2015). *Deportatsiia narodov v Kazakhstane v gody Velikoi Otechestvennoi voiny* [Deportation of peoples in Kazakhstan during the Great Patriotic War] // *Rossiiskaia akademiia nauk. Sibirskoye otdelenie. Gumanitarnye nauki v Sibiri – Russian Academy of Sciences. Siberian Branch. Humanities in Siberia*, 1(22), pp. 98–101. [in Russian].
- [7] Balykova, A.M., & Sisekeshova, A.S. (2015). *Istoriia deportatsii narodov v Kazakhstan v 30–50 gody XX veka* [History of the deportation of peoples to Kazakhstan in the 1930s–1950s] // *Evraziiskii soiuz uchenykh. Seriya: Istoricheskie nauki – Eurasian Union of Scientists. Series: Historical Sciences*, 12(21), pp. 5–7. [in Russian].
- [8] Kulbaev, T.S., & Khagai, A.Iu. (2000). *Deportatsiia* [Deportation]. Almaty: Daneker, 274 p. [in Russian].
- [9] Suleimenova, M.Zh. (2011). *Aktual'nye problemy nasil'stvennoi deportatsii repressirovannykh sotsial'nykh grupp SSSR v Tsentral'nyi Kazakhstan v 30–40-e gody XX veka (na primere krest'ianstva)* [Actual problems of forced deportation of repressed social groups of the USSR to Central Kazakhstan in the 1930s–1940s (example of the peasantry)] // *Sovremennye problemy nauki i obrazovaniia. Seriya: Istoricheskie nauki – Modern Problems of Science and Education. Series: Historical Sciences*, 1, pp. 10–14. [in Russian].
- [10] Avtorkhanov, A. (1952). *Narodoubiistvo v SSSR: Ubiistvo chechenskogo naroda* [Genocide in the USSR: The murder of the Chechen people]. Miunkhen: Izdatel'stvo "Svobodnyi Kavkaz", pp. 5–77. [in Russian].
- [11] Kozina, V.V., Dzhumabekov, D.A., & Zhumanova, A.Z. (2022). *K voprosu o nasil'stvennykh pereseleniakh (deportatsiakh) na territoriiu Tsentral'nogo Kazakhstana* [On the issue of forced relocations (deportations) to the territory of Central Kazakhstan] // *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya: Istoriia. Filosofiiia – Bulletin of the Karaganda University. Series: History. Philosophy*, 3(107), pp. 122–129. [in Russian].
- [12] Mamaeva, G.E. (2016). *Deportatsii chechenskogo i ingushskogo narodov na territoriiu Kazakhstana v sovremennoi kazakhstanskoi istoriografii* [Deportations of the Chechen and Ingush peoples to Kazakhstan in modern Kazakhstani historiography] // *Izvestiia Altayskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Istoricheskie nauki – Bulletin of Altai State University. Series: Historical Sciences*, 4(92), pp. 101–104. [in Russian].
- [13] Pobal', N.L., & Polian, P.M. (2005). *Stalinskie deportatsii 1928–1953* [Stalin's deportations 1928–1953]. Moskva: MFD; Materik, 904 p. [in Russian].



[14] Zemskov, V.N. (2003). *Spetsposelentsy v SSSR, 1930–1960* [Special settlers in the USSR, 1930–1960]. Moskva: Nauka, 304 p. [in Russian].

[15] Efremova-Shershukova, N.A. (2009). *Nemtsy Kazakhstana: deportatsiia, spetsposelenie, rehabilitatsiia* [Germans of Kazakhstan: deportation, special settlement, rehabilitation]. Tomsk, 291 p. [in Russian].

[16] Kan, G.V. (1994). *Koreitsy Kazakhstana: istoricheskii ocherk* [Koreans of Kazakhstan: historical outline]. Almaty, 240 p. [in Russian].

[17] Kim, G.N., & Men, D.V. (1995). *Istoriia i kul'tura koreitsev Kazakhstana* [History and culture of Koreans in Kazakhstan]. Almaty: Gylym, 346 p. [in Russian].

[18] Kim, Syn Khva. (1965). *Ocherki po istorii sovetskikh koreitsev* [Essays on the history of Soviet Koreans]. Almaty: Nauka, 251 p. [in Russian].

[19] *Iz istorii deportatsii. Kazakhstan 1939–1945 gg.: Sbornik dokumentov. T. 3* [From the history of deportations. Kazakhstan 1939–1945: Collection of documents. Vol. 3]. (2019). Almaty: LEM, 708 p. [in Russian].

[20] Kriger, V.E., & Frizen, A.N. (1991). *Iz istorii sovetskikh nemtsev* [From the history of Soviet Germans] // *Istoriia Kazakhstana: belye piatna* [History of Kazakhstan: white spots], pp. 250–275. Almaty [in Russian].

**Ибрагимов М.А., Исмаилов С.С., Айтмухамбетов А.А, Жандаулетов Т.Т.
ИСТОРИОГРАФИЯ ПРОБЛЕМЫ ДЕПОРТАЦИИ НАРОДОВ В
КАЗАХСТАН**

Аннотация. В указанной статье рассмотрена историография проблемы депортации в Казахстан массовых народов советской властью в 30-50-е годы XX века. При написании статьи был проведен анализ с использованием научных трудов отечественных и зарубежных ученых и исследователей, представляющих большой интерес. В ходе исследования были проанализированы географическое положение, социально-правовое положение изгнанных народов, их адаптация к местности и обоснована основная актуальность темы. Также применялись подходы к разделению материалов на периоды с целью описания и анализа исторических данных. Цель исследовательской работы – ознакомление с материалами по теме депортации, анализ материалов, в которых использовались судьбы, адаптации специально депортированных народов. Спецпоселенцы – это были представители разных национальностей, насильственно переселенные со всего Советского Союза. Несистемность данных о количестве переселившихся на территорию Казахстана, несовершенство или полное отсутствие методов учета населения – не позволяют определить, сколько именно человек прибыло на территорию Казахстана. Массовые депортации не только изменили демографическую ситуацию региона, но и затронули практически все сферы экономической, социальной и культурной жизни. Земля Казахстана невольно стала тюрьмой для разных народов. В статье сделан глубокий анализ этого исследования. Эта работа нацелена на широкий круг исследователей, интересующихся вопросами отечественной истории.

Ключевые слова: Народ, депортация, репрессии, Центральный Казахстан, география, адаптация, право, кавказ, немецкий народ, архив, труд.



**Ibragimov Mansur, Ismailov Serikzhan, Aitmukhambetov Aydar,
Zhandauletov Tobol**

**HISTORIOGRAPHY OF THE PROBLEM OF THE DEPORTATION OF
PEOPLES TO KAZAKHSTAN**

Annotation. The article examines the historiography of the problem of deportation of mass peoples to Kazakhstan by the Soviet government in the 1930s-50s. When writing the article, an analysis was conducted using scientific works of domestic and foreign scientists and researchers of great interest. The study analyzed the geographical location, social and legal status of the expelled peoples, their adaptation to the area and substantiated the main relevance of the topic. Also, approaches were used to divide materials into periods in order to describe and analyze historical data. The purpose of the research work is to familiarize yourself with materials on the topic of deportation, analyze materials that used the fates and adaptations of specially deported peoples. Special settlers were representatives of different nationalities, forcibly resettled from all over the Soviet Union. The unsystematic nature of the data on the number of people who moved to the territory of Kazakhstan, the imperfection or complete absence of population accounting methods - do not allow us to determine exactly how many people arrived in the territory of Kazakhstan. Mass deportations not only changed the demographic situation of the region, but also affected almost all spheres of economic, social and cultural life. The land of Kazakhstan involuntarily became a prison for different peoples. The article provides a deep analysis of this study. This work is aimed at a wide range of researchers interested in issues of national history.

Keywords: People, deportation, repression, Central Kazakhstan, geography, adaptation, law, Caucasus, German people, archive, labor.